



Құрметті ханымдар, аяулы әріптестер! Дорогие женщины нашего коллектива!

Сіздерді көктемнің ең шуақты мерекесі – 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйел – өмірдің мәні, тіршіліктің бастауы. Сіздер отбасының алтын қазығы ғана емес, кәсіпорнымыздың өркендеуіне елеулі үлес қосып жүрген білікті мамандарсыздар. Атырау мұнай өңдеу зауыты тарихында әйелдер қауымының еңбегі әрдайым айрықша орын алады.

Бүгінде 2500-ден астам қызметкері бар ұжымымызда 500-ге жуық нәзік жан еңбек етуде. Олардың 200-ге жуығы өндіріс алаңында табанды қызмет атқарып, мұнай өңдеу саласының дамуына өз үлестерін қосып келеді. Бұл – үлкен жауапкершілік пен кәсіби шеберлікті талап ететін, құрметке лайық еңбек.

Сіздер қызмет барысында кәсібилік пен парасаттылықты, табандылық пен мейірімділікті қатар ұштастырып, ұжымның бірлігін бекемдеп келесіздер. Ер азаматтармен иық тіресе еңбек етіп, жауапкершілік пен төзімділіктің жарқын үлгісін көрсетіп жүргендеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін.

Сіздерге зор денсаулық, сарқылмас қуат, отбасылық береке мен бақыт тілеймін. Көктемнің шуақты күндері көңілдеріңізге шаттық сыйлап, әрбір бастамаңыз табысты болсын!

Мерекелеріңізбен!

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС Бас директоры

Қуаныш БИШИМОВ

От всей души поздравляю вас с самым светлым праздником весны – **Международным женским днем!**

Женщина – истинный смысл жизни и исток всего живого. Вы являетесь не только надежной опорой своих семей, но и высококвалифицированными специалистами, вносящими значительный вклад в процветание нашего предприятия. В истории Атырауского нефтеперерабатывающего завода труд женщин всегда занимал особое, почетное место.

Сегодня в нашем коллективе трудятся более 2500 специалистов, из них около 500 – женщины. При этом более 200 наших уважаемых женщин непосредственно работают на производстве, внося свой вклад в развитие нефтепереработки. Это труд, требующий огромной ответственности, профессионализма и вызывающий глубокое уважение.

Вы гармонично сочетаете профессиональную стойкость и человеческую искренность, создавая в команде атмосферу единства. Искренне благодарю вас за вашу надежность и ответственность.

Желаю вам крепкого здоровья, неиссякаемой энергии, семейного благополучия и счастья. Пусть эта весна наполнит вас радостью и вдохновением, а каждое ваше начинание легко и уверенно превращается в успех!

С праздником!

Генеральный директор ТОО «АНПЗ»

Қуаныш БИШИМОВ

Мұнай өңдеушілер
жаңа заң жобасын талқылады



Қауіпсіздікке
жауапты арулар

ЗАВОД ЗАВЕРШИЛ ГОД С ВЫПОЛНЕНИЕМ ПОСТАВЛЕННЫХ ЗАДАЧ

Генеральный директор ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод» Куаныш Бишимов представил коллективу отчет о результатах работы предприятия за прошлый год. В выступлении были проанализированы производственные и финансовые показатели, реализация экологических инициатив и меры социальной поддержки работников. Отдельно обозначены задачи на текущий год. Руководитель предприятия подчеркнул, что основой достигнутых результатов остаётся труд коллектива, а промышленная безопасность и благополучие сотрудников сохраняют статус приоритетов АНПЗ.

ПРОИЗВОДСТВЕННЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ

За 2025 год при плане МЭ РК 5 млн 400 тыс. тонн фактически переработано **5 млн 471 тыс. тонн** сырья. План выполнен на **101,3%**. Причина перевыполнения – ранний выход на режим установок первичной переработки нефти после ППР, увеличение поставки нефти. Глубина переработки сырья составила **88,2%**, что на 4,6% выше плана. Выход светлых нефтепродуктов – **76,7%**, что выше плана на 6,9%.

Производство социально значимых нефтепродуктов

План производства нефтепродуктов перевыполнен по всем видам. Показатели следующие: автобензины – **1 788 тыс. тонн**; дизельное топливо – **1 915 тыс. тонн**; авиатопливо – **172 тыс. тонн**; сжиженный газ – **229 тыс. тонн**.

Объем потребляемого топлива и потерь нефтепродуктов составил **10,6%**, что на -0,3% выше плана МЭРК (10,3%). Увеличение связано с эксплуатацией завода в нефтехимическом режиме на протяжении более двух месяцев в 2025 году.

Показатели отгрузки нефтепродуктов

За 2025 год отгружено **4 млн 918 тыс. тонн** нефтепродуктов, в том числе: автобензины – **1 797 341 тонна**; дизельное топливо – **1 921 382 тонны**; сжиженный газ – **227 670 тонны**; авиатопливо – **173 133 тонны**; бензол – **35 717 тонн**; паракилол – **60 246 тонн**. План отгрузки выполнен на **101%**.

По сравнению с 2024 годом производственный план увеличен по продуктам: бензины – на 259 тыс. тонн, ДТ – на 15 тыс. тонн, ТС – на 10 тыс. тонн. Несмотря на это, план отгрузки перевыполнен: бензины – на 15 тыс. тонн, ДТ – на 295 тыс. тонн, ТС – на 20 тыс. тонн.

БЕЗОПАСНОСТЬ И ОХРАНА ТРУДА

За 2025 год Атырауский нефтеперерабатывающий завод отметил важное достижение: отработано более 18 миллионов человеко-часов без несчастных случаев, а также более 1 900 дней без травм среди работников завода.

По итогам 2025 года среди сотрудников завода и подрядных организаций не зафиксировано производственного травматизма, профессиональных заболеваний и ДТП.

За отчетный период, службой БиОТ, выявлено 1 296 случаев несоответствия требованиям безопасности и охраны труда (БиОТ).

По третьей ступени контроля, за отчетный период, главными специалистами завода было выявлено 1241 несоответствия требованиям безопасности и охраны труда.

За 2025 год за нарушения требований БиОТ к дисциплинарной ответственности привлечено 22 работников завода. Подрядным организациям направлены штрафные санкции на сумму 4 500 МРП (17 694 000 тенге).

В планах на 2026 год данную положительную тенденцию не снижать, уделять большое внимание повышению уровня культуры безопасности труда, внедрению системы изоляции источников энергии ИЛОТО.

Реализация программы «ҚОРҒАУ» – Near Miss

Касательно реализации проекта «Қорғау» и расследования потенциально опасных ситуаций Near Miss: за 2025 год работниками завода было заполнено 662 сигнальных карт. На производствах выявлено 647 случай небезопасных условий и 15 потенциально опасных ситуаций Near Miss.



ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ОБСТАНОВКА

Снижение выбросов загрязняющих веществ в 2025 году по сравнению с 2024 годом обусловлено уменьшением объема переработки на 1,4%, или на 75 974 тонны и уменьшением объема сжигания топлива на 1%, или на 3 282,709 тонн. Образование отходов увеличено на 10 743 тонн, увеличение объема отходов по сравнению с аналогичным периодом связано с проведением очистки мазутовых резервуаров нефтепродуктов РВС-№107а и РВС-№17, а также в результате работ по очистке нефтеловушки, аварийного амбара и нефтеотделителя. Выбросы парниковых газов составили 1 477 868 тонн, что на 21 388 тонн меньше по сравнению с предыдущим периодом. Потребление воды из р. Урал на 712 тыс. м³ меньше, в сравнении с аналогичным периодом 2024 г. Сброс сточных вод на поля испарения 798 тыс. м³ меньше, в сравнении с аналогичным периодом 2024 г.

ПРОЕКТ TAZALYQ

Принято решение о реализации нового проекта, предусматривающего строительство пруда-испарителя ориентировочной площадью 500 га, прокладку подводящего трубопровода про-

тяжённостью порядка 4 км от коллектора нормативно-очищенных сточных вод (КНОС), а также устройство геомембранной изоляции в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК. На сегодняшний день ведется работа по внесению изменений в постановление акимата города Атырау, после приведения постановления в соответствие будет осуществлено оформление договора аренды земельного участка сроком на три года. После завершения разработки ПСД и получения положительного заключения вневедомственной экспертизы планируется поэтапная реализация проекта в 2026-2027 годах.

ИСПОЛНЕНИЕ БЮДЖЕТА

За 2025 год доходы АНПЗ составили 283 млрд тенге, что на 5,5 млрд тенге (2%) выше плана. Основная причина – увеличение объема переработки нефти и реализация нефтепродуктов от покупной ПГФ.

Расходы за отчетный период составили 264 млрд тенге, что ниже плана на 791 млн тенге (-0,3%). Снижение связано со уменьшением расходов себестоимости.

Чистая прибыль за прошедший год составила порядка 6,9 млрд тенге, что на 1 млрд выше планового значения.

Капитальные вложения составили 36,8 млрд тенге, из них: на инвестиционные проекты (в т.ч. 8 проектов по повышению эффективности АНПЗ и переход на 3-летний МРП) – 7,1 млрд тенге; на проведение ремонтов и приобретение основных средств – 29,7 млрд тенге.

ЧИСЛЕННОСТЬ, ФОНД ОПЛАТЫ ТРУДА И СРЕДНЕМЕСЯЧНАЯ ЗАРАБОТНАЯ ПЛАТА

Штатная численность на 31.12.2025 г. составляет 2 510 единиц.

Рост фонда оплаты труда за 2025 год по сравнению с аналогичным периодом составил +9% за счет повышения тарифов/окладов с 01.04.2025 г. на 8% (в среднем) по итогам оценки результативности работников за 2024 год, согласно Программе заработных плат на 2025 год.

ИТОГИ ОЦЕНКИ РЕЗУЛЬТАТИВНОСТИ

Повышение заработной платы с 01.04.2025 года. По итогам работы за 2024 год проведена ежегодная оценка результативности всего персонала.

В оценке участвовали 2 293 работника (92% списочного состава на 31.12.2024 г. – 2 495 чел.).

В рамках бюджета на оплату труда на 2025 год повышение заработной платы составило в среднем 8%, в том числе: 6,5% – общее повышение для частичной компенсации уровня инфляции в РК; 1,5% – индивидуальное повышение по результатам оценки трудовых показателей за 2024 год.

РЕАЛИЗАЦИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ

В 2025 году списочная численность пер-



сонала составила 2 518 человек, из них: мужчины – 2 076; женщины – 442.

За отчетный период принято 137 сотрудников, уволено – 140.

По итогам 2025 года уровень текучести кадров составил 2,66% (67 сотрудников). Основные причины увольнений: трудоустройство в другие компании (57%); переезд, по семейным обстоятельствам и др. (36%); по состоянию здоровья (7%).

КАДРОВАЯ ПОЛИТИКА

В 2025 году наложено 230 дисциплинарных взысканий, в том числе: строгий выговор – 38; выговор – 31; замечание – 161.

За профессионализм, многолетний, добросовестный труд, за личный вклад в развитие завода, а также в честь празднования Международного Женского дня, Дня химика, Дня связи, Дня работников нефтегазового комплекса к 80-летию завода, Дня Республики 1 141 работника представлены к награждению, из них государственные награды – 25 сотрудников, ведомственные награды – 98 сотрудников, заводские награды – 126 сотрудников и Юбилейными медалями награждены 892 сотрудника.

ОБУЧЕНИЕ И РАЗВИТИЕ ПЕРСОНАЛА

За 2025 год проведено 11 781 обязательных обучения (по направлениям: безопасность и охрана труда, радиационная безопасность и защита, пожарно-технический минимум и др.). Затраты на проведение обязательного обучения составили 100 млн 601 тысяча тенге.

На обучение, повышение квалификации, подготовку и переподготовку работников направлено 235 млн 859 тысяча тенге.

В 2025 году 6 студентов продолжают обучение по основному заводскому специальности за счет средств предприятия в рамках программы «Жас маман».

В программе дуального обучения 10 студентов закончили обучение, из них 1 студент трудоустроен на завод. По новому набору отобраны студенты 3 курса по специальности: «электроэнергетика» – 4 студента; «автоматизация и управление» – 6 студентов.

За 2025 год на компьютерно-тренажерных комплексах обучено 513 операторов и машинистов технологических установок.

Во второй половине 2025 года был принят в эксплуатацию

тренажер установки КУ ГБД ДС (U-20), оснащенный гибридной 3D моделью, для более эффективного обучения полевых операторов.

На сегодняшний день разработано 183 сценария внештатных ситуаций, в том числе: ПАУ – 98 сценариев, ПГПН – 29 сценариев, ПГП – 51 сценарий, ППНГО – 11 сценариев. Средние результаты обучения по производством за 2025 год: ПАУ – 97,5%; ПГПН – 96,5%; ПГП – 97,5%; ППНГО – 98%.

СОЦИАЛЬНЫЕ АСПЕКТЫ

Общий объем финансирования социальной поддержки демонстрирует устойчивый рост: за два года увеличение составило 32%, что подтверждает системное усиление социальной политики.

Существенно усилена поддержка семей с детьми: финансирование оплаты детских садов увеличено на 57%; расходы на школьные принадлежности выросли на 16%; стабильно финансируется помощь при рождении ребенка.

Социальная политика завода развивается последовательно, с акцентом на здоровье работников, поддержку семей и усиление гарантий на всех этапах трудовой деятельности.

В 2025 году проведено более 30 мероприятий, включая торжественные, социально-значимые, спортивные, культурно-массовые и мероприятия к 80-летию завода.

ПЛАНЫ И ЗАДАЧИ НА 2026 ГОД

Профилактика несчастных случаев и повышение уровня культуры безопасности труда на заводе;

Переработка нефти – целевая задача 5 500 000 тонн (факт за январь – 503 522 тонн);

Выход светлых нефтепродуктов – целевая задача 80% (факт за январь 80,2%);

Глубина переработки – целевая задача 85,7% (факт за январь – 90,5%);

Сжеги и потери – целевая задача 9,2% (факт за январь – 11,47%);

Отгрузка нефтепродуктов – целевая задача 5 060 926 тонн (факт за январь – 432 474 тонны).



ЖАҢА
КОНСТИТУЦИЯ
РЕФЕРЕНДУМ-2026

Мұнай өңдеушілер жаңа заң жобасын талқылады

«Атырау мұнай өңдеу зауытында» жаңа Конституция жобасын талқылауға және алдағы республикалық референдумға арналған ауқымды ақпараттық жұмыстар жүргізілді. Мұнай өңдеушілер ұжымы үшін бұл – алдағы саяси өзгерістер туралы әрбір қызметкердің жан-жақты мәлімет алуына жол ашқан маңызды мүмкіндік болды. Зауыттағы ақпараттық-түсіндіру шаралары бірнеше бағыт бойынша ұйымдастырылып, бұл өндірістік персонал мен мердігер мекемелердің қызметкерлерін толық қамтуға мүмкіндік берді.



БАС ДИРЕКТОРМЕН ӨТКЕН ЖИЫН

Кәсіпорынның **Бас директоры Қуаныш БИШІМОВ** зауыт ұжымымен кездесіп, 2026 жылғы 15 наурызға жоспарланған республикалық референдумға шығарылатын өзгерістердің мән-жайын егжей-тегжейлі саралады.

Кездесу барысында зауыт басшысы конституциялық реформаның ел болашағын айқындайтын стратегиялық қадам екенін атап өтті. Бас директордың айтуынша, Конституцияның жаңа жобасы қоғамның жаңару мен тұрақты дамуға деген шынайы сұранысына негізделген.

Құжаттың жаңа редакциясында адамның құқықтары мен бостандықтары, әділдік, заң мен тәртіп сияқты құндылықтарға басымдық берілген. Сондай-ақ зауыт жұмысшылары үшін ең маңызды мәселе – жұмыс орындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету нормалары Ата заң деңгейінде бекітілмек.

Зауыт басшысы жаңа Конституцияда табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарға ұқыпты қарау мәселесіне ерекше көңіл бөлінгенін тілге тиек етті. Бұл норма еліміздегі ірі кәсіпорын саналатын АМӨЗ үшін стратегиялық маңызға ие.

– Конституцияда алғаш рет табиғатқа ұқыпты қарау принципі бекітілді. Бұл норма тікелей біздің жұмысымызға қатысты, өйткені біз еліміздің мұнай өнімдеріне деген сұранысының 30%-ын қамтамасыз етіп отырмыз және қызметіміз қоршаған ортаға әсер етпей қоймайды. Сондықтан экологиялық заңнаманы қатаң сақтау және табиғатты қорғау шараларын жалаастыру – біздің басты басымдығымыз болып қала береді, – деді Қуаныш БИШІМОВ.

Жиын барысында зауыт қызметкерлері де сөз алып, өз ойларын ортаға салды. Мұнай өңдеушілердің пікірінше, Конституцияға енгізілетін өзгерістер әлеуметтік кепілдіктерді кеңейтіп, жастардың кәсіби дамуына жаңа мүмкіндіктер береді.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің инженері Аида БАЗАР-БАЕВА жаңа реформаның жастар үшін берер мүмкіндігіне тоқталып, былай деді:

«Жаңа Конституция жобасы ел дамуының алдағы жолын айқындап, әрбір азаматқа тең мүмкіндіктер береді. Онда жастардың бастамаларын қолдау мен олардың идеяларын жүзеге асыру тетіктері қарастырылған. Бұл біздің болашағымыз үшін үлкен кепілдік деп сеніммен айтуға болады».

Жиынды қорытындылай келе, кәсіпорын басшысы барлық әріптесін саяси науқаннан тыс қалмай, алдағы референдумға белсенді қатысуға шақырды.

КОАЛИЦИЯ МҮШЕЛЕРІ ЗАУЫТТА

2 наурыз күні кәсіпорын жұмысшыларымен кездесуге жалпыұлттық және өңірлік коалиция мүшелері арнайы келді. Делегация құрамында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Дүйсенбай Тұрғанов, сондай-ақ өңірлік коалиция өкілдері Берікқали Сәрсенғалиев, Айдос Ибраимов, Ақылбек Құлбарақов және Қаршыға Жауымбаев болды.

Кездесудің басты мақсаты – Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіру және алдағы референдумның тарихи маңызын халыққа жеткізу. Жиын барысында коалиция мүшелері жаңа реформалардың ел басқару жүйесін қалай өзгертетінін және әрбір азаматтың құқықтық қорғалуын қалай күшейтетінін баяндады.

Мәжіліс депутаты Дүйсенбай Тұрғанов экология тақырыбына ерекше тоқталды. Ол жаңа Конституция жобасында табиғи ресурстардың халықтың меншік екендігі туралы норманың бекітілуі және қоршаған ортаны қорғауға қатысты мемлекеттік



предприятия напрямую зависит от политической стабильности и правовой прозрачности в стране. Важно, чтобы каждый из нас подошёл к предстоящему выбору осознанно», – отметил он.

Особое внимание в рамках кампании было уделено старшему поколению нефтепереработчиков. Представители штаба провели отдельную встречу с ветеранами завода. Заслуженные работники отрасли, чей опыт и мудрость всегда ценятся на предприятии, приняли активное участие в обсуждении. Они отметили важность преемственности и стабильности, подчеркнув, что обновлённая Конституция должна стать гарантом процветания для будущих поколений заводчан.

ОТКРЫТЫЙ ДИАЛОГ И ОРГАНИЗАЦИОННЫЕ МЕРЫ В ДЕНЬ РЕФЕРЕНДУМА

Параллельно на заводе был реализован график выездных встреч первых руководителей предприятия. Заместители генерального директора и дирек-



тора департаментов лично разъясняли стратегическую значимость реформ в различных подразделениях завода.

Особенностью кампании стал формат открытого диалога. Слушатели не просто принимали информацию, но и активно выражали своё мнение, делились видением ситуации и задавали уточняющие вопросы по пунктам новой Конституции. Такая обратная связь позволила сделать встречи максимально продуктивными и содержательными. Руководство завода стремится обеспечить максимальное участие коллектива в историческом событии. С учётом непрерывного производственного цикла на АНПЗ будет внедрён удобный график рабочего времени в день референдума. Это позволит работникам, трудящимся по сменному графику, в спокойном режиме посетить свои избирательные участки и реализовать своё конституционное право.

ВСТРЕЧИ В ЦЕХАХ И ДИАЛОГ С ВЕТЕРАНАМИ

С 20 февраля на предприятии по разработанному в преддверии референдума плану действовал штаб по разъяснению проекта новой Конституции и организации республиканского референдума. Его представители проводили встречи непосредственно на рабочих местах – в цехах и на производствах.

В ходе встреч к трудовому коллективу обратился **заместитель генерального директора по общим вопросам Салимжан НАКПАЕВ**.

«Конституционная реформа – это не просто юридическая процедура, это фундамент для строительства «Нового Казахстана». Мы должны понимать, что стабильность нашего

Масштабная разъяснительная кампания, охватившая все подразделения предприятия, продемонстрировала высокую гражданскую ответственность и единство коллектива нефтепереработчиков в преддверии важного для страны исторического выбора.



ЗАУЫТ КЕЛБЕТІ

ҚАУІПСІЗДІККЕ ЖАУАПТЫ АРУЛАР

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында біз әдетте өндіріс ошағының басында жүрген, өндірістің әр бөлшегін қапысыз білетін жандар туралы жиі жазамыз. Алайда, зауыттың тыныс-тіршілігін қауіпсіздікпен тәртіптің шеңберінде ұстап, мекеменің табалдырығынан атпаған әрбір жанды жылы жүзбен қарсы алатын, көзге көріне бермейтін маңызды қызмет иелері бар. Олар – күзет бекетіндегі нәзік те қайсар әйелдер.

Зауытымыздың қауіпсіздігі мен имиджіне жауапты, осы салада табаны күректей 20 жыл қызмет етіп келе жатқан тәжірибелі маман **Светлана УШЕКЕНОВАНЫҢ** айтқандары арқылы бұл мамандықтың қыр-сырына үңіліп көрдік. Бұл – тек Светланаңың ғана емес, бекетте бірге қызмет ететін барша әріптестерінің ортақ ойы.

Күзетші десе, көпшіліктің көз алдына қатал, сөзге сараң адамдар елестейді. Бірақ біздің зауыттың күзетшілері үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етумен қатар, сыпайылық пен адамгершілікті жоғары қою – басты талап.

– Біз ауысыммен жұмыс істейміз. Кезек келгенде ауысымды қабылдап, қажетті қағаздарын толтырып, бірден жұмысқа кірісеміз. Басшылықтың бізге үнемі айтатын сөзі: «Қандай жағдай болмасын сыпайылықты ұмытпаңыздар». Осы жерге келетін кез-келген адамды сыпайы қарсы алып, сыпайы түрде шығарып салу – ең басты міндетіміздің бірі, – дейді Светлана.

Күзет бекетінде тұру – тек есікті ашып-жабу емес. Бұл – зауыттың келбеті болу. Адамдардың көңіл-күйіне, мінезіне


қарай икемделуді талап ететін үлкен жауапкершілік.

Зауыт – үлкен ұжым, мұнда түрлі адамдар келеді. Түрлі жағдайлар орын алады. Светланаңың айтуынша, кейде қатал ереже мен әйелге төн биязылықты ұштастыру үлкен өнерді талап етеді.

– Күзет саласы болвандықтан, белгілі ережені ұстану міндетті. Кейде баынығысы келмейтін немесе дерекілік танытатын адамдар да кездесіп жатады. Ондай сәттерде барынша сабырлық танытып, қатаң ережені де бұзбай, биязылықты да ұстану керек. Бір сөзбен айтқанда, біз психолог болуға тиіспіз, – деп ағынан жарылады тәжірибелі маман.

Күзетшінің жұмысы сырттай қарағанда біркелкі көрінгенімен, іштей үлкен күш-жігерді талап етеді. Таңнан кешке дейін аяқтан тік тұрып, тәртіпті бақылау физикалық жағынан да, моральдық жағынан да оңай емес.

– Келетін адамдардың бірі күліп жадырап, айналасына шуақ шашып келсе, біз де мез болып көңіліміз көтеріліп қалады. Біреуі көңіл-күйсіз, біреуі ашулы, біреуі адасып келеді деген



сияқты... Бір сөзбен айтқанда, осы жерде тұрып түрлі эмоцияны көріп, түрлі оқиғаның куәсі боламыз. Осы қиындықтың өзі бізге қызық, – дейді Светлана.

Қатал форма киіп, зауыттың қауіпсіздігін күзетіп тұрса да, олар – бәрібір нәзік жанды арулар, аяулы аналар. Светлана бұл екі ұғымның аражігін былай түсіндіреді: «Үйден ана болып шығып, жұмысқа келгенде қатаң тәртіпті ұстанатын қызметкерге айналамыз. Десе де, өзіміздің нәзік жан екенімізді, ер азаматтарға қарағанда өлсіз тұлға екенімізді ұмыту мүмкін емес деп ойлаймын. Жаныңда ер азаматтар тұрғанда, тіпті ұмыта алмайсың».

8 наурыз мерекесінде күзет бекетінде тұрудың өз ерекшелігі бар екен. Светланаңың айтуынша, бұл күні жұмыс орны ерекше мейірімге толады.

– Келушілер де бірінен соң бірі кіріп шыққан сайын құттықтап жатады, бір емес бірнеше адамнан лебіз естудің өзі көңіл-күй сыйлайды, – деді ол.

Бүгінде зауытымыздың әрбір бекетінде 30-ға жуық нәзік жанды аруларымыз қызмет атқарады.

Құрметті күзет қызметіндегі арулар! Сіздердің адал қызметтеріңіз, күнделікті көрсеткен сыпайылықтарыңыз бен нәзіктіктеріңіз үшін алғыс айтамыз. Мерекелеріңізбен!

КӘСІПТІК БАҒДАР

АМӨЗ-ге болашақ мұнай өңдеушілер келді

Атырау мұнай өңдеу зауытының есігі болашақ жас мамандар үшін айқара ашылды. Атырау облыстық дарынды балаларға арналған ұлттық гимназияның 11-сынып оқушылары мен А.С.Пушкин атындағы №20 мектептің 10-сынып оқушылары кәсіпорынға арнайы танымдық сапармен келіп, өндірістің тыныс-тіршілігімен жақыннан танысты.



Оқушылар алдымен зауыт музейін аралап, кәсіпорынның іргетасы қаланған сәттен бастап бүгінгі заманауи деңгейге дейінгі даму тарихын тамашалады. Одан әрі зауыт аумағына жасалған экскурсия барысында өндірістік қондырғылардың жұмыс істеу принципін көріп, мұнай өңдеудің күрделі де қызықты процестеріне қанықты. Зауыт мамандары **Зарина РАҚЫМЖАН** мен **Нұрберген МА-УИС** оқушыларға кәсіби деңгейде бағдар беріп, әрбір сұраққа нақты жауап берді.

Ұлттық гимназияның химия пәні мұғалімі **Бақытгүл МАКСИМОВА**

бұл кездесудің балалар үшін маңызы зор болғанын атап өтті:

– Біздің сыныпта 15 оқушы ҰБТ-дан химия пәнін таңдап отыр. Бүгінгі экскурсиядан кейін олардың зауытқа деген көзқарастары түбегейлі өзгерді. Мамандардың кәсібилігі мен зауыттың ауқымы оқушылардың осы саланы таңдауға деген құлшыныстарын ашып, болашақта осы жерде жұмыс істеуге шабыттандырды, – дейді ұстаз.

Экскурсиядан алған әсерлерімен бөліскен оқушылар зауыттың тек техникалық қуатына ғана емес, ондағы еңбек мәдениетіне де тәнті болды.

Нұрсая ИСЛЯМ:

«Мұнай өңдеу зауыты бұрын тек сырттай көретінбіз. Бүгін ішіне кіріп, өндірістің қалай жүретінін көргенде, химия пәнінің қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Мамандардың өз ісіне деген махаббаты маған қатты әсер етті. Мен өз болашағымды осы зауытпен байланыстырамын келеді».

Ералы МҰРАТ:

«Зауыттың тарихы мен заманауи қондырғыларының үйлесімі таңғалдырды. Бұл жерде жұмыс істеу үлкен жауапкершілікті талап ететінін түсіндім. Экскурсиядан кейін химия пәнін бұдан да тереңірек оқып, білікті маман болуға бекіндім».

Бұл кездесу зауыт пен мектеп арасындағы байланысты нығайтып қана қоймай, жас буынның кәсіби таңдау жасауына үлкен септігін тигізді. Кім біледі, бәлкім, бүгін зауыт алаңында жүрген мектеп оқушылары ертеңгі күні осы кәсіпорынның дамуына үлес қосатын білікті инженерлерге айналар...

ЭКОЛОГИЯ

Коллективы вышли на уборку территории

26 февраля на предприятии состоялся первый в этом году «чистый четверг». Несмотря на морозную погоду, сотрудники производственных подразделений и заводоуправления активно поддержали экологическую инициативу и вышли на благоустройство закреплённых участков.



Ровно в 9:00 к уборке прилегающих территорий приступили работники ЦЗП, ПАУ, ПНН, ПКис, РМЦ, электроцеха, а также других производств и подразделений. Заводчане приводили в порядок территорию после зимнего периода: очищали её от мусора, прошлогодней листвы и веток, принесённых ветром.

Ряд цехов воспользовались мероприятием также для работы с зелёными насаждениями. Так, на территории цеха КИПИА заранее была проведена санитарная и омолаживающая обрезка деревьев, выполнены работы по обеспечению безопасности. С применением автогидроподъёмника снижена высота кроны, удалён сухой ствол, деревьям придан аккуратный и эстетичный вид. В день субботника спеленные ветви подготовлены к утилизации – распилены до удобного для вывоза размера. Не менее активное

участие в «чистом четверг» приняли работники заводоуправления и центрального аппарата. За полтора часа ими было собрано 30 мешков мусора вдоль проспекта имени З. Кабдолова – от территории бывшего химического завода до моста через Перетаску. Всего в

уборке приняли участие 37 сотрудников ЗУ и ЦА. Общезаводское мероприятие стало хорошим стартом экологических инициатив 2026 года и ещё раз подтвердило, что вопросы благоустройства и заботы о территории остаются в числе приоритетных для коллектива предприятия.